

Бөлім:		
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Тәрбие тақырыбы		
Мақсаттары	<p>Саяси қуғын сүргін құрбандары жөнінде оқиғаны оқушыларға дұрыс терең түсінік беру, олардың саяси санасын ояту, оқушылардың адамгершілік көзқарастарын қалыптастыру. Оқушылардың тыңдау, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Оқушылардың бойына Отансүйгіштікке, патриоттық сезімін, ерлік, батылдық, шындық, төзімділік, адамгершілік қасиеттерін дарыту. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ақын-жазушылардың ерлігін, үлгі-өнеге ету.</p> <p>Источник: <a href="https://www.tarbie.kz/9488">https://www.tarbie.kz/9488</a></p>	

#### Сабақтың барысы:

Сабақтың кезені/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<b>Сабақтың басы</b>	<p>Патша өкіметінің қазақтардың жерін тартып алуы екі бағытта жүргізілді:</p> <p>Біріншісі: әскери бекіністер салу арқылы.</p> <p>Екіншісі: Қазақстанға басқа халықтарды қоныстандыру арқылы.</p> <p>Орыс тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, қазақ тілінің дамуына зияны тиді. Қазақша жер-су атаулары өзгертіліп, орысша атаулар енгізілді. Қазақ халқының әдет-ғұрпы, дәстүрі аяққа басылды.</p> <p>Көрнекті тілші, алым, әдебиет зерттеушісі, дарынды аудармашы, үлкен ағартушы Ахмет Байтұрсынов Патша өкіметінің отаршылдық саясатын айыптады.</p> <p>1922 жылы 30 желтоқсанда Кеңес Социалистік Республикалар Одағының құрылғаны туралы шарт қабылдады. Съезд КСРО мемлекетінің басты белгісі-</p>	<p>Оқушыларға презентация көрсетіледі. Сол бойынша өз ойларын жеткізеді.</p>		<p>презентация</p>

	<p>КСРО мемлекеттік елтаңбасын , жалауын бекітті. КСРО астанасы Мәскеу қаласы болып белгіленді.</p> <p>1931-1933 жылдары Қазақстан халықтары аштыққа ұшырады, осы жылдары қуаңшылық болды. Осы жылдары 2 миллионға жуық қазақтар қырылды. Ашаршылыққа ұшыраған халықтың жағдайы өзен көлдерді жағалай бақа-шаян теріп, жол-жөнекей жәндіктерді, ит пен мысықты қорек еткендері де болды. Олар өз Отандарынан ашаршылыққа шыдымай Өзбекстан, Моңғолия, Түркменстан, Иран, Мәскеу, Ауғанстанға қоныс аударды. Елінен кеткен босқындар болатын.</p>			
<b>Сабақтың ортасы</b>	<p>1931-1933 жылдары республикадан жыл сайын халық санымен мал саны кеміп отырған. Қазақстанның қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов, С.Сәдуақасовтар зорлық-зомбылықтарына наразылығын Кеңес өкіметі басшыларына жеткізіп отырды, бірақ Кеңес өкіметі құлақ аспады.</p> <p>1929-1933 жылдар арасында 400-ге жуық көтерілістер болды.</p> <p>Қазақстанда кеңес мемлекетін нығайтуға белсене қатысушы, қазақ халқының даңқты перзенті – Тұрар Рысқұлов. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін оның жұмысына белсене қатысып РКФСР үкіметі төрағасының орынбасарлығына дейін көтерілді. Сонда тұтқынға алынып, «Халық жауы» деген жалған атпен атылып кетеді. Партия комитетінің бірінші хатшысы Голощекин атына жазылған «Бесеудің хаты» Тұрар Рысқұловтың Сталинге жазған хаты. Оқиға 1932 жылы болды.</p>	<p>Пролог</p> <p>Кремль. Сталиннің кабинеті. Сталин: Неге біз жағдайды Қазақстандағы Голощекиннен емес, Москвадағы Рысқұловтан білеміз?! Неге сенен басқа ешкім ләм демейді.</p> <p>Рысқұлов: Менен басқалары да Қазақстандағы бұрмалаушылықты сізге жеткізуге тырысқан. Бірақ олардың дауысы сізге жетпей жатыр.</p> <p>Сталин: Қалайша?</p> <p>Рысқұлов: Мысалы, жазушы Ғабит Мүсірепов бастаған бес адам сізге хат жазған. Бірақ... хат ұсталған...</p> <p>Сахна қараңғы тарта береді. Мұнды күй орындалады.</p> <p>1930-1938 жылдар аралығында Қазақстанның ақын-</p>		Интербелсенді тақта/ компьютер

		<p>жазушылары жазықсыз жазаланады. Олардың ішінде А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Б.Маилин, І.Жансүгіров, М.Дулатов т.б көптеген жазықсыз қазақтың ақын, белсенді қоғам қайраткерлері жазықсыз атылды.</p> <p>«Халық жауы» деп айып тағылғандардың отбасы, балашағасы қуғын сүргінге ұшырады. Жазықсыз жандардың 22 мыңдайы ату жазасына бұйырылды. Ату жазасынан аман қалғандардың да біразы отбасына қайта оралмады.</p> <p>«Атамекен» әні орындалады.</p> <p>Көрініс: Ғ.Мүсіреповтен партия комитетінің бірінші хатшысы Голощекиннің жауап алуы. Голощекин креслода. Әлдеқалай қобалжулы Келдіме әлгі маңғаз жазушы?</p> <p>Кезекші: келді. Мүсірепов кіреді.</p> <p>Голощекин: Кел, жазушы... Сені ғой Крайкомға жауапты қызметке алдық. Не үшін?</p> <p>Мүсірепов: Мен Крайкомға қызметке алыңдар деп арыз бермеген сияқтымын.</p>		
--	--	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--

		<p>Голощекин: Көрдіндер ме? Қалай-қалай кердендейді.</p> <p>Құрамысов: Жолдас Мүсірепов! Сіз Крайкомның бюросында тұрғаныңызды білесіз бе? Мүсірепов: Кпайком бюросы Голгоф емес қой деп ойлаймын.</p> <p>Елеусіз: Не дейді? Қай жер дейді?</p> <p>Құрамысов:Иса пайғамбарды шегелеп тастаған жерді айтады. Соны Голгоф дейді.</p> <p>Елеусіз: Астафыралла! Сонда бұл өзін Исамын деп тұрма?</p> <p>Голощекин: Рас-ау сонда сен өзінді Иисус Христосқа балап тұрсың ба?</p>		
<p><b>Сабақтың соңы</b></p>	<p>Бұдан біз қазақ жеріндегі ашаршылыққа сол кезде билікте жүрген адамдар болсын, алаш ордашылар болсын, барлығы бір жақты ғана баға бергендігін көреміз. Яғни, олардың барлығы ашаршылықтың себебі табиғаттың қолайсыздығынан дегенге әкеліп тіреді. Ал шын мәнінде бұл биліктің халыққа жасаған қиянаты еді. Әрине, ашаршылық сол кезде жалғыз болған жоқ. Қазақта «жұт жеті ағайынды» дейді ғой. Оған 37 жылы репрессия келіп қосылды. Сол жылдары шығып тұрған газеттерде күзде егінді орып болғаннан кейін қалған масақты тергені үшін сотталып, тіпті халық жауы аталып, атылған адамдар</p>	<p>Оқушылар қорытындылап айтады ойларын</p>		<p>презентация</p>

	туралы ақпарат бар. Мысалы «Еңбекші қазақ» газетінде Қызыл тақта және Қара тақта деген айдарлар болды.			
--	--------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--	--